

## АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

### БЖЗК салымшылары 15 миллионнан аса қызмет алды

Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры 2020 жылдың 10 айы ішінде өз салымшыларына 15,8 миллион қызмет көрсетті. Қалыптасқан эпидемиологиялық жағдайға және коронавирус індегіне (COVID-19) байланысты ағымдағы жылдың қабылданған бірқатар шектеу шараларына қарамастан, 2019 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда көрсетілген қызметтер саны 8% немесе 1,2 млн. бірлікке артты.

Ағымдағы жылдың 1 қарашасына қарай операциялардың жалпы көлемінің 14,5 миллионы (немесе 92%) электрондық форматта жүргізілді. Откен жылмен салыстырғанда электрондық қызметтердің танымалдығы 23,8% немесе 2,8 млн қызметке өсті. Осылайша салымшылардың көпшілігінің БЖЗК сайтында да, ұялы қосымшасында да бар Жеке кабинеттің көмегімен қызметтердің толық құрамын үйден шықпай-ақ алатынын көруге болады. Атап айтқанда, бұлар жеке зейнетақы шотынан үзінді көшірме алу, өз деректемелеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу, ЖЗШ-ның болуы туралы анықтама алу, мерзімсіз уақытқа 1 немесе 2 топтағы мүгедектіктің белгіленуіне байланысты зейнетақы төлемдерін тағайындау туралы өтініш беру, төлемге және (немесе) көшуге берілетін өтініштің мәртебесін қадағалау және тағы басқалар.

Қазіргі уақытта БЖЗК-ның 200-ден астам бөлімшесі барлық қауіпсіздік шараларын сақтай отырып қызмет көрсетуде. Салымшылар 10 ай көлемінде 1,1 миллионнан аса қызмет алды. Бұдан басқа БЖЗК-ның барып қызмет көрсету бөлімдері 1 қарашадағы жағдай бойынша Қор салымшыларына 80,4 мың қызмет көрсетті.

БЖЗК міндеттерінің бірі – сапалы кеңес беру қызметтерін көрсету және Қордың салымшылары мен алушыларына бағытталған ақпараттық арналарды дамыту. Ағымдағы жылдың он айында откен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда кері байланыс арналары бойынша салымшылардан түсken өтініштер саны екі еседен аса артты: 2020 жылдың 1,2 млн өтініш қаралған болса, 2019 жылдың осындай кезеңінде 580,4 мың өтініш қабылданды.

БЖЗК салымшылары мен алушылары 1418 нөмірі бойынша (Қазақстан бойынша қонырау шалу тегін) байланыс орталығынан кеңес ала алады. Сонымен қатар кеңесті [www.enpf.kz](http://www.enpf.kz) корпоративтік сайты, +7 777 000 14 18 нөмірі бойынша Whatsapp және Viber чат-боттары, Instagram, Facebook, ВКонтакте, Twitter Telegram, Одноклассники әлеуметтік желілеріндегі БЖЗК-ның ресми парапашалары арқылы да алуға болады.

**БЖЗК** 2013 жылды 22 тамызда «ГНПФ» ЖЗК» АҚ негізінде құрылды. БЖЗК құрылтайшысы және акционері – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің «Мемлекеттік мұлік және жекешелендіру комитеті» ММ арқылы Қазақстан Республикасының Үкіметі. БЖЗК зейнетақы активтерін сенімгерлікпен басқаруды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүзеге асырады. 2016 жылдың 1 қаңтардан бастап зейнетақы активтерін басқару тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстар жасау қызметі Қазақстан Республикасының Президенті басшылық ететін Ұлттық қорды басқару кеңесіне берілді. Зейнетақы заңнамасына сәйкес БЖЗК міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын, еркіті зейнетақы жарналарын тартуды, зейнетақы төлемдерін, зейнетақы жинақтары мен төлемдерін жеке есепке алууды жүзеге асырады, салымшига (алушыга) зейнетақы жинақтарының жай-күй туралы ақпарат береді (толығырақ [www.enpf.kz](http://www.enpf.kz) сайтында).